

ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ ДҰРЫС
ПАЙДАЛАНУ ЖҮЙЕСІНІҢ
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ. НАУҚАСТА
ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ
ТИІМДІЛІГІ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ
ЖАЛПЫ ПРИНЦІПТЕРІ. НАУҚАСТЫ
ТЕКСЕРУ ӘДІСТЕРІ МЕН ПРИНЦІПІ.

орындаған: Қайыржанова Б

- Дәрілік заттар деп – химиялық және физикалық құрылымнан құралған, емдік мақсатта қолдануға болатын, адам ағзасына енгізуге болатын дәрілік сипаты бар заттарды атайды. Дәрілік заттардың көп дәрежеде қасиеттері химиялық құрылысына, функционалдық белсенді топтастардың бар болуына, олардың молекуласының өлшеміне байланысты болады. Зат рецептормен өзара тиімді әсерлесу үшін оның рецептормен тығыз жанасуын көбірек қамтамасыз ететін, дәрілік заттардың құрылымын және рецептормен жанасу дәрежесін молекулалық байланыстың беріктігіне тәуелді болады. Зат рецептормен өзара әсерлесу үшін, олардың әсіресе кеңістікте сәйкес келуі, яғни комплементарлығы өте маңызды.

- Дәрілік заттардың әсерлеріне байланысты бөлінуі: Сандық Сапалық Дәрілік заттардың қасиеттері көп дәрежеде олардың химиялық құрылысына, функционалдық белсенді топтастардың бар болуына, олардың молекуласының қалыбына және өлшеміне байланысты болды. Заттардың химиялық құрылысы және олардың химиялық биологиялық белсенділігі арасындағы тәуелділікті анықтау жаңа препараттарды алуда аса маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Сонымен қатар бірдей типті әсерлі әр түрлі топтың қосылыстары үшін оптималдық құрылысын сәйкес келтіру үшін дәрілік заттар өзара әсерлесетін рецепторлардың құрылысы жөнінде мәлімет алуға болады.

- Тәуліктік дозаға әсері – бір рет қабылдауға арналған дәрінің санын доза деп атайды. Дозаны граммен немесе грам үлесімен белгілейді. Дәрінің бастапқы биологиялық әсерін тудыратын минималдық дозаны табалдырық немесе минималдық әсер етуші деп атайды. Егер ағзада дәрілік заттардың жоғары дозасын жылдам түзу қажет ететін болса, онда бірінші доза соңғылардан жоғары болады. Кейбір жағдайларда препараттың дозасы курстық емге көрсетіледі, әсіресе микробтарға қарсы химиотерапиялық заттарды қолданғанға маңызды.

- Қайталап қолдану – олардың әсері жоғарылауы жағына да және төмендеу жағына да өзгеруі мүмкін. Бірқатар заттардың әсеренің ұлғаюы, олардың кумуляциялану қабілетіне байланысты болады. Фармакологиялық заттардың жинақталу түрін айтады. Бұл ұзақ әсер ететін препараттарға тән, олар өз бөлінеді немесе ағзаға тұрақты байланысады. Оларды қайталап тағайындағанда заттардың жинақталуы уытты әсерлердің себебі болуы мүмкін. Функционалдық деп – бұл кезде зат емес, әсер жинақталады. Алкоголизм кезінде ОЖЖ нде функциясының үдемелі өзгеруіне маскүнемдіктің дамуына әкелуі мүмкін. Осы жағдайда зат жылдам тотығады, тіндерде тез сіңіріледі. Оның тек нейротропты әсерлері ғана сіңіріледі.

Дәрілік заттардың адам ағзасы үшін әсері көріністері және ерекшелігі

- Ағзаның жағдайы. Препараттардың әсері ағзаның жағдайына, соның ішінде оларды тағайындайтын паталогияға байланысты болуы мүмкін. Мысалы, ыстықты түсіретін заттар дене температурасын тек қызба кезінде түсіреді. Симпатикалық иннервацияның тонусы жоғары болған сайын ганглиоблокаторлардың гипотензивтік әсері көп болады. бүйрек немесе бауыр қызметінің бұзылуымен қатар жүретін аурулар заттардың экскрециясын және биотрансформациясынын өзгертеді. Дәрілік заттардың фармакокинетикасы жүктілікті, семіздікті өзгертеді.

- Тәуліктік ырғақтың маңызы. Сергектік пен ұйқының ауысуы жүйке жүйесі мен эндокриндік бездердің белсенділігіне және иоған сәйкес басқа мүшелер мен жүйелердің жағдайына айтарлықтай ықпалын тигізеді. Бұл өз кезегінде әр түрлі ағзаның заттарға сезімталдығын көрсетеді. Фармакологиялық әсердің тәуліктік периодизмге зерттеу, Хронофармакология деп аталады. Тәуліктік периодизмге байланысты заттың уыттығыда айтарлықтай өзгереді. Мысалы, Жануарларға зерттеу жүргізгенді уытты дозаға феноталбиталдың леталдық әсері тәуліктің әрбәр уақытында 0 – 100 пайызға дейін ауытқиды. Хронофармакология саласында мәліметтердің көлемі шектеулі болғанымен, оларды қабылдау уақытына байланысты препараттарды рационалды дозалау үшін тәуліктік ырғақтыңда, әсерінде анықтау қажет.

- Жасы. Дәрілік заттарға сезімталдық жасына байланысты өзгереді. Осыған байланысты, дәрілік заттардың іштегі нәрестеге 24 – аптадан бастап туылғанға дейін және жаңа туылған нәрестеге әсер етуін зерттейтін ғылым перинаталдық деп аталатын болып табылады. Бала ағзасына заттың әсер ету ерекшеліктерін зерттеумен айналысатын фармакалогия саласын педиаторлық фармакалогия деп атайды. Өртүрлі жастағы балалар үшін уытты және күшті әсер ететін заттардың жоғарғы бір реттік және тәуліктік дозаның кестесі мысалға келтірілген. Жасы егде және кәрі адамдарда дәрілік заттардың сіңуі баяулаған, олардың метаболизімнің тиімділігі аздау, препараттардың бүйректен шығу жылдамдығы төмендеген. Жалпы, егде және кәрілік жаста көпшілік дәрілік заттарға сезімталдық жоғары болады, соған байланысты дозасы төмен болу керек.

- Жынысы. Адам жынысына байланысты бірқатар заттардың метаболизімінде ерекшеліктер бар. Мысалы, ер адамдарда әйелдерге қарағанда ионның абсорбциясы баяулайды. Ер адамдарға қарағанда әйелдерде верапамилдің биожеткіліктілігі жоғарлайды. Генетикалық факторлар. Дәрілік заттарға сезімталдық генетикалық негізделген. Мысалы, қан сарысуында холинэстеразаның генетикалық жетіспеушілігі кезінде, миорелаксант дитилиннің әсер ету ұзақтығы кенеттен жоғарлайды. 6-8сағ оданда көп болуы мүмкін. Туберкулезге қарсы зат изониязидтің ацетилдену жылдамдығы жеткілікті кең түрленетіні белгілі. Адамдарда тез және баяу метаболизмдік белсенділігі бар деп бөлінеді. Ағзаның дәрілік заттарға генетикалық факторлардың

- Дәрілік заттар қатары. Дәрілік заттардың адам ағзасы үшін маңыздылығы өте жоғары. Ал дәрілік заттардың құрылысы химиялық, физикалық қасиеттері әртүрлі. Әсер ету ұзақтығы өте ұзақ және маңыздылығы жоғары. Дәрілік заттардың адам ағзасына, жынысына, жасына, генетикалық ақпаратына, тәуліктік ырғақтығына тікелей байланысты болады. Заттардың ағзаға әсер ету ұзақтығы егде адамдарда ұзақ, ал орта жастағы адамдарға әсер ету ұзақтығы өте тез және жеңіл жүреді. Сонымен қатар дәрілік заттардың дозаларымен қоса қайталап қолдану және өзара әсерлесуіне де байланысты болады, яғни адам ағзасына дәрілік заттардың әсерлері әртүрлі болатыны анықталды.